



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Қытай Қазақстан азаматтары үшін визасыз режим енгізуі мүмкін

Қазақстанның Қытайдағы елшісі Шахрат Нұрышев ҚХР Мәдениет және туризм министрі Ху Хэпинмен кездесті, деп хабарлайды Egemen.kz Орталық коммуникациялар қызметінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Кездесу барысында тараптар мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайту және туризм саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады.

Ш.Нұрышев жақын арада қалпына келетін тұрақты әуе қатынастары және адами байланыстардың белсендірілуін ескеріп, екіжақты мәдени-гуманитарлық диалогты жандандыруға назар аударды. Қазақстанның елшісі ҚР және ҚХР-да мәдени орталықтарды өзара құру бұл бағыттағы екіжақты қатынастардың дамуына мықты серпін беретінін атап өтті.

Сонымен қатар Ш.Нұрышев сұхбаттасушыны Қазақстанның туристік мүмкіндіктері және ҚР Үкіметінің Туристік саланы дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша шаралармен таныстырды. Сондай-ақ елші қазақстандық тараптың ҚХР азаматтары үшін 14 күндік мерзімге дейін визасыз режим енгізу жөніндегі жоспарын ескеріп, ҚР азаматтары үшін де ұқсас жағдай жасау

мәселесін көтерді.

Өз кезегінде, Ху Хэпин Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдениет және туризм саласындағы ынтымақтастықтың зор келешегі бар екенін ерекше атап өтті. Ол жыл соңында жоспарланған Қазақстан-Қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетінің Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитетінің 15-ші отырысы екі ел арасында мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуда маңызды рөл атқаратынына сенім білдірді.

Сонымен бірге ҚХР Мәдениет және туризм министрі Қазақстан Үкіметінің елдің туристік әлеуетін ашу бойынша қабылдап жатқан шараларын жоғары бағалады, сондай-ақ қытайлық тараптың мәдениет орталықтарды өзара құруға дайын екенін білдірді.

Кездесудің соңында тараптар ШЫҰ, АӨСШК және «Орталық Азия - Қытай» мемлекет басшылары онлайн-саммитінің қорытындылары бойынша уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-қимылдар жоспары шеңберінде мәдениет және туризм саласында бірлескен іс-шараларды өткізу мәселелерін қоса алғанда, ҚР-дың ҚХР-дағы Елшілігі мен ҚХР Мәдениет және туризм министрлігі арасында тығыз байланыстарды сақтауға келісті.

Мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы орталығын басқару жөніндегі кеңестің отырысын өткізді, деп хабарлайды Egemen.kz Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.

Жиын барысында «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) 2021 жылы атқарған жұмыстары қорытындыланды және оны әрі қарай дамыту жөніндегі ұсыныстар қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық жағдай құбылып тұрған кезде инвестициялық тұрақтылық пен болжамды-



Елімізге жаңа әрі сенімді инвестиция көздері қажет

лықты қамтамасыз етуге қабілетті сенімді қаржы көздерін іздеу өзекті болатынын айтты. «Астана» халықаралық қаржы орталығы Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия аймағы үшін осындай міндетті атқаратын мекемелердің бірі саналады.

«Қазақстан нарықтық, еркін әрі бәсекелі экономиканы қарқынды ілгерілетуге бағытталған дамудың жаңа кезеңіне қадам басып отыр. Мұндай жағдайда шетелдік инвесторлар мен сауда серіктестерінің сенімін сақтап қалу және нығайту біздің басты басымдығымыз болып қала береді. Осыған байланысты АХҚО-ның әлеуеті инвестициялардың сенімділігі мен қауіпсіздігінің кепілі ретінде барынша пайдаланылуға тиіс», деді

Қасым-Жомарт Тоқаев ұзақ мерзімді шетелдік инвесторларды теңге түріндегі тәуелсіз облигацияларға тартудың өзектілігін атап өтті.

«Елімізге жаңа әрі сенімді инвестиция көздері қажет. Ол үшін халықаралық депозитарийлермен өзара тығыз ықпалдастық орнату керек. Мұндай жағдайда реттеушілік режим мен халықаралық құқыққа негізделген АХҚО алаңы тартымды болады. Үкіметке Ұлттық банкпен және АХҚО-мен бірлесе отырып, ұзақ мерзімді институционалдық инвесторлары бар әлемдік инфрақұрылымға қосылу мәселесін пысықтауды тапсырамын. Бұл экономикамыздың орнықты өсімі үшін маңызды қадам болмақ», деді Прези-

тың қарқынын бәсеңдетпей, жалғастыра беруге шақырамын», деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергия тасымалдаушы жаһандық нарықтардың және әлемдік азық-түлік орталықтарының трансформациялануы кезінде Қазақстанның рөлін күшейту маңызды екеніне назар аударды.

«Қазақстан үшін сенімді әрі бәсекеге қабілетті инфрақұрылымы бар биржа нарығы жөнінде мәлімдеу өте маңызды. Бұл аймақтық және жаһандық саудада көшбасшылыққа ие болу үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Үкімет осы мәселені жан-жақты пысықтауы керек», деді Президент.

Мемлекет басшысы крипто-



Президент.

Мемлекет басшысы ұлттық компанияларды IPO-ға шығару жұмыстарын келесі маңызды міндет ретінде атады. «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы мен оның ұлттық компанияларының рөлін мысалға келтірді.

«Еліміздің қарапайым азаматтары Ұлттық компаниялардың акцияларын иеленуге және салымдарынан өз дивиденттерін алуға мүмкіндігі болуға тиіс. Дәл осындай жолмен халықтың инвестициялық мәдениеті қалыптасады. IPO-ға қатысу Қазақстанның барлық тұрғыны үшін қолжетімді болуы қажет. Ол үшін қағазбастылық пен бюрократияны болдырмайтын жаңа цифрлық шешімдер керек», деді Мемлекет басшысы.

дент.

Мемлекет басшысы орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу және «жасыл» жобаларды жүзеге асыру мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, былтыр орнықты қаржыландыру нарығының көлемі 500 есе ұлғайып, 250 миллион доллардан асты. Оның ішінде жасыл облигациялар мен несиелердің 58 пайызын АХҚО Жасыл қаржы орталығы нақтылады.

«Бұл экономиканы көміртегінен арылту және көміртегін аз пайдалану технологияларын дамыту жөніндегі жаһандық міндеттерді еліміздің сәтті шешуге қабілетті екенін дәлелдеуіне ықпал етеді. Үкіметті, «Астана» халықаралық қаржы орталығын және Кеңес мүшелерін осы бағыттағы жұмыс-

индустрия және цифрлық активтерді дамыту мәселелеріне де тоқталды.

«Біз әлеуетімізді барынша тиімді пайдалануымыз керек. Еліміз криптоактивтерді шығару бойынша екінші орында тұр. Алайда біз тек қана шикізат мәртебесін ұстанып қалмауымыз керек. Осы орайда, Үкімет қаржы реттеушілерімен және «Астана» халықаралық қаржы орталығымен бірлесе отырып, кешенді цифрлық экосүйені дамыту үшін қолайлы жағдай жасауы қажет», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жиынды қорытындылай келе, АХҚО-ның 2021 жылы атқарған жұмысының жылдық есебін бекітті.

Елімізде коронавирусқа қарсы вакцина алғандар саны 9,5 миллионнан асты



2022 жылғы 26 маусымда Қазақстанда коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаның 1-ші компонентін 9 522 816 адам, 2-ші компонентін 9 304 480 адам салдырды, деп хабарлайды Egemen.kz ВАК-қа сілтеме жасап.

2022 жылғы 26 маусымда «Pfizer» вакцинасының I дозасын 1 137 583 адам салдырды.

Оның ішінде I компоненті егілгендер: Жасөспірімдер – 866 379, Жүкті әйелдер – 41 116, Бала емізетін әйелдер – 144 762 адам.

II компонентімен егілгендер: Жасөспірімдер – 835 845, Жүкті әйелдер – 38 037, Бала емізетін әйелдер – 137 039 адам.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Аудандық мәслихаттың кезекті он сегізінші сессиясы өтті

Өткен аптаның сәрсенбі күні аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында жетінші шақырылымындағы аудандық мәслихаттың кезекті он сегізінші сессиясы өтті. Сессияға ауыл, поселке әкімдері, бөлім басшылары, ардагерлер, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Сессия жұмысын аудандық мәслихат хатшысы Байғараев Бегімбет Биімбетұлы жүргізді.

Сессияның күн тәртібіне мына төмендегі мәселелер енгізіліп бекітілді.

1.2021 жылға арналған аудан бюджетінің орындалуы туралы; Баяндамашы-С.Аметов, Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі.

2.Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі; Баяндамашы-Қ.Мейірманов, аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.

3.Сызған ауылдық округі әкімінің есебі;

Баяндамашы-Қ.Нұртан, Сызған ауылдық округі әкімі.

4.Созақ ауылдық округі әкімінің есебі;

Баяндамашы-Б.Аяпов, Со-

зақ ауылдық округі әкімі.

Сондай-ақ сессияда:

1.Созақ ауданы әкімдігінің дербес құрамы туралы;

2.Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі өңірлік ведомствоаралық штабының мүшелігіне өзгерістер енгізу туралы;

3.Аудан көлемінде халық денсаулығын қорғау жөніндегі Үйлестіру кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы;

Хабарламашы- А.Бакиров, аудан әкімі аппаратының басшысы.

4.Аудан әкімдігінің жанындағы пробаця жөніндегі консультациялық-кеңесші органы құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;

Хабарламашы- Е.Дәулетбаев, «Созақ аудандық халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-нің директоры.

Осы аталған мәселелер бойынша депутаттар тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылып, тиісті шешімдер қабылданды.

Сессияға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков қатысты. Осымен сессия өз жұмысын аяқтады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Мемлекеттік қызметшілер күні аталып өтті



Салтанатты шара барасында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков мерекелік лебізін білдірді. «Қоғам мен мемлекет арасындағы көпір болып, байланыстыратын мемлекеттік қызметшілер. Олардың мәртебесін көтеру, құрметтеу үшін осындай кәсіби мерекелік күн белгіленген. Бұл біздің мемлекеттік қызметтегі азаматтарымыз үшін зор мәртебе», - деп атап өткен аймақ басшысы әріптестерінің жұмысына сәттілік тіледі. Ұйымдастырушылық қабілетімен танылған мемлекеттік қыз-

метшілерді алғыс хатпен марапаттады.

Сондай-ақ аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев құттықтау сөз сөйлеп, үздік қызметшілерге алғыс хат табыс етті. Ұзақ жыл мемлекеттік қызмет саласында еңбек еткен Қабылбек Еспенбетов пен Шолаққорған ауыл әкімдігінің жас қызметкері Хамит Баби-ев жылы лебізін арнады.

Салтанатты шара аудан өнерпаздарының қойған концерттік бағдарламасына ұласты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Аудан әкімі

Жартытөбе ауылы және Аққолтық елді мекенінің тұрғындарымен кездесті



Өздеріңізге белгілі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізсін, олардың барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аударатырып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін» деп тапсырған болатын. Осыған орай өткен аптада аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков белгіленген кестеге сай Жартытөбе ауылдық округінде болып, жергілікті тұрғындармен кездесті. Аудан басшысы алдымен кездесуді Аққолтық елді мекенінен бастап, ондағы спорт алаңында халықтың талап тілектерін тыңдады. Мұхит Сексенбайұлы еліміздегі

атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, аудан көлеміндегі жоспарлармен бөлісті. Тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді. Аққолтық елді мекенінің тұрғындары пайдаланылмай жатқан жайылымдық жер мәселесін көтерді. Сондай-ақ, интернет жылдамдығы да сөз болды. Мұнан бөлек, электр жарығының төмендігі де маңызды мәселе екенін жеткізді. Аққолтық елді мекенінде бір көшеге асфальт, бір көшеге тас төселіп, биылғы жылы мәдениет үйінің құрылысы аяқталатынын айтқан аудан басшысы көпшілік ұсыныстардың назарға алынғанына тоқталып, тиісті бөлімдерге тапсырма берді.

Жартытөбе ауылдық округінде жалғасқан халықпен кездесу жиыны мәдениет үйінің ауласында өтті. Тұрғындарға атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттер жайлы баяндаған аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы, жергілікті тұрғындардың сауалдарына жауап берді. Жиында айтылған мәселелердің дені мынадай болды: ауыл ішіндегі қаңғыбас ит-мысықтарды аулау, электр жарығының төмендігі, ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында жер алу. Еркін пікір алмасу форматында өткен жиында аудан басшысы, ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында жер алуда ешқандай мәселе болмайды деп нақты жауап берді. Сонымен қатар, тұрғындар ауылдық аурухананы жөндеу жайында мәселе көтерген болатын, аудан басшысы алдағы уақытта жөндеу жұмыстары жүргізілетінін жеткізді. Мұхит Сексенбайұлы кездесу соңында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Құмкент ауылының халқымен жүздесті

Бекітілген кестеге сәйкес Жартытөбе ауылдық округіндегі халықпен кездесу жиынынан соң түс ауа аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қызылкөл елді мекеніндегі тұрғындармен кездесті. Мұхит Тұрысбеков атындағы білім ордасының ауласында өткен кездесуде, аудан басшысы атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарлармен бөлісті. Кездесу барысында елді мекен тұрғындары интернет желісінің нашарлығына тоқталып, оны шешуді ұсынды. Мұхит Тұрысбеков атындағы білім ордасына шеберхана салынып берілсе деген талаптарын жеткізді. Аудан басшысы білім ордасының шеберханасын салу үшін сметалық жобалау құжаты облыстық басқармаға ұсынылғандығын айтып, интернет желісі үшін ұялы операторларға хат жолданғанына тоқталды.

Аталған кездесу Құмкент



ауылдық округінде жалғасты. Ауыл тұрғындары тарапынан электр бағаналарының нашарлығы, электр қуатының төмендігі айтылды. Сондай-ақ, жайылымдық жер, ауыз су мәселесі мен жарықтандыру мәселесі туралы сауалдарын қойды. Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы тұрғындар қойған сауалдарға жауап

беріп, тиісті бөлім, мекеме басшыларына және ауыл әкіміне тапсырма берді. «Өзіміздің тарапымыздан шешілетін мәселені аяғына дейін жеткіземіз. Басқада ұсыныстарыңызды тиісті жерде көтеріміз», - деді аудан басшысы. Жиын соңында аудан әкімі тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Таукент кентінде болды



Есептік кездесу белгіленген кестеге сай, Таукент кентінде өтті. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің халықпен кездесу жиынына, аудандық мәслихаттың депутаттары, тиісті мекеме, сала басшылары қатысты. Кент тұрғындары аудан көлемінде атқарылған

жұмыстарды тыңдап, алдағы жоспарлардан хабардар болды.

Тұрғындар тарапынан кент ішіндегі көше жарығы мен жол төсеу мәселелері көтерілді. Сонымен қатар, электр жарығы да өзекті екеніне тоқталды. Өндіріс орындарына жергілікті тұрғындарды жұмысқа алу мәселесі айтылды.

Көтерілген мәселелердің орынды екеніне тоқталған Мұхит Сексенбайұлы, бюджет мүмкіндігіне қарай, кезең-кезеңмен шешілетінін атап өтті.

Жиын соңында азаматтарды жеке мәселе бойынша қабылдап, арыз шағымдарын тыңдады

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.



Тазалықты жүргізу оңай, сақтап қалу қиын

Газетіміздің өткен аптадағы №44 санында «Ауыл әкімінің есебі жаңа форматта өтті» деген тақырыпта мақала жариялаған болатынбыз. Сол мақалада ауыл әкімінің есебіне Созақ-Сәулет мекемесінің директоры Берік Әлтеков қатысып, қоғамдастық пен Парасаттың мүшелерінің сауалдарына жауап бергенін жазған болатынбыз. Осы жиында Парасаттықтар тарапынан Берік Әбдіқадірұлына тазалық мәселесіне қатысты бірер ұсыныс айтылған болатын. Сондай-ақ, сол ұсыныстарды талқылап, кеңесу үшін Парасаттың кезекті бір отырысына шақырғанбыз. Сол бас қосуда Парасаттықтар: «Өзіңізде байқағандай, кеше, Мұхит Тұрысбекұлы ауданымызға басшылық қызметке келгеннен соң бірден аудан орталығы Шолаққорған ауылының барлық көшелерінде көркейт-кеғалдандыру және тазалық жұмыстары жүрді. Көңіліңізге келмесін, Мұхит Сексенбайұлы ауданға әкім болып келмесе жағдайымыз қиын екен. Олай дейтіміз, үш ай көктем аудан әкімдігінің барлық бөлімдерінің және ауыл әкімдігінің, жалпы мекемелер мен Созақ-Сәулет мекемесінің қызметкерлері болып, 5 секторға бөлініп жүріп, туған ауылымызды қоқыстан әрең аршып алдық қой. Иә, жалпы көшелер болған соң сіздің мекеме тазалығына жауап бермейтін көшелер де бар шығар. Осы себепті де сол көшелердің, тұрғындарымыздың үйінің сыртында жатқан күл қоқыстар мен малдың қи-тезектеріне жерлестеріміздің жауапты екенін бәріміз де жақсы білеміз. Бұған, түрлі кәсіптік нысандарды жекешеге шығарып, сатып алып қараусызқалдырған азаматтардың жауапсыздығын қосыңыз. Осы ретте сізге сұрақ: «Жалпы сіздің мекеменің қызметі не өзі және Шолаққорған ауылы бойынша неше көшенің тазалығына жауаптысыз?» деп, ауыл әкімінің қатысуымен болған үш жақты әңгімемізді осындай сауалдармен бастадық. Бекең: «Мен басшылық ететін «Созақ-Сәулет» мекемесінің негізгі жұмысы аудан көлемінде өзіміз мемлекеттік тапсырыспен ұтып алған көшелердің санитарлық тазалығын (көшені бақлаша, полиэтилен пакет сынды т.б тұрмыстық қалдық заттардан және шөптерден) жүргізу болып табылады. Ал енді, ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылынан бүгінгі күнге дейін 42-43 көшенің тазалығына жауапты болып келдік. Ендігі жерде 103 көшенің тазалығына жауапкершілікті мемлекеттік тапсырыспен алып отырған жағдайымыз бар. Әрине, әлі бюджетіміз толықтай бекіген жоқ, дегенмен, жұмыс жасалуда. Өздеріңіз жоғарыда айтқандай ауданымыздың орталығы Шолаққорғанның соңғы жылдары қоқыс полигонына айналып кетуіне бірден-бір себеп жерлестеріміздің жауапсыздығы. Олай дейтінім, біздің мекеме жанынан

үйден шыққан түрлі тұрмыстық қалдықтар салған контейнерлерді бар-жоғы 500 теңгеге шығарып береміз. Ал енді, қыстайғы жаққан отыңыздың күлі мен малдың тезегінің Камазын 5000 теңгеден шығарып береміз. Себебі, ауыл тұрғындарының үйінен шыққан қоқысты тегін шығарып беруге мемлекет тарапынан қаржы қаралмаған. Міне, осыдан хабарсыз жерлестеріміз үйінің сыртына шұқыр қазып қояды дағы қыстайғы жаққан отының күлі мен малының қиын көшеге шығарып үйіп тастайды. Тағы да ауылымыздың орталық көшелерінде кәсіби нысандары бар кәсіпкер азаматтарымыз қараусыз қалған ғимараттарының маңындағы қоқысты тазарту дегенді білмейді. Міне, түрде ол қоқысты Шолаққорған ауыл әкімдігі мен Созақ-Сәулет мекемесі немесе ауылымыздың дәрігерлері мен ұстаздары шығаруы қажет. Биыл да сондай сорақы жағдай орын алды. Шынында, Мұхит Сексенбайұлы келгелі бері бүкіл бөлімдер мен мекемелерді 5 сектор бойынша бөліп, біздің және Шолаққорған-Су мекемесінің қызметкерлері мен техникаларын жұмылдырып жүріп, ауылымызды қоқыстан әрең аршып алдық. Әрине, бұл жерде ауыл әкімдігінің әлсіздігі білінеді. Әйтпесе, жаңа өздеріңіз сөз еткендей әлгі қыстайғы күлі мен малының қиын, тұрмысқа қажетті тас-топырағы мен құмын үйінің сыртына үйіп қоятын және меншігіндегі ғимаратын қараусыз қалдырған азаматтарымызға әуелі ескерту жасап, кейін пәлен АЕК көлемінде айыппұл салса, алдағы уақыттарда мынадай жауапсыздық бармас еді. Сонда халықтың құрметтері дәрігерлер мен ұстаздарымыз көше кезіп қоқыс жинамас еді. Парасаттықтар: «Берік Әбдіқадірұлы! Айтып отырғандарыңыздың барлығы да орынды. Бұл жайында біз де ауыл әкімімен ақылдасып, алдағы уақытта не істейтінімізді ойласадамыз. Мәселен, Шолаққорғанның төрт құбыласы тарапына шағын, арнайы қоқыс төгетін орын әзірлесек, ауыл тұрғындары үйінен шыққан тұрмыс қалдықтары салынған екі-үш қабын сол жерге тастап отырса. Әйтпесе, үш ай көктемде жан-жабылып жүргізілген тазалық жұмыстарын ескермеген қайсыбір жауапсыз жерлестеріміз ауылымыздың сыртындағы арнайы қоқыс полигонына баруға ерініп, әлгі біз айтқан жерлерге қоқыстарын және мал өлекселерін төгуді жалғастыруда. Сосын, мынау тұрғындарымыздың үйлерінен шыққан тұрмыс қалдықтарын шығаруды да бір жолға қойсақ. Сіздің мекеме бұл ретте не ойлап, нендей әрекеттерге барудасыздар? Айтпағымыз, аудан әкімі бастап, ауыл азаматтары қостап жүргізілген тазалық жұмыстары нәтижесінде тазартқан Шолаққорғанымыздың тазалығын бұдан-былайғы жерде сақтап қалу үшін не істеуіміз қажет?»

Берік Әлтеков: «Бұл сауалдарыңыз да орынды. Шынында, сол жан-жабылып жүргізілген тазалықты сақтап қалу баршамыздың міндетіміз. Осы ретте біз, «Созақ-Сәулет» мекемесі Шымкенттік ТОО «Омегамен» келісім шартқа отырдық. Ертең, ауыл тұрғындарының белгілі бір пайызымен үйінен шыққан қоқыстарын (тұрмыстық қалдықтарды) алып кеткеніміз үшін екіжақты келісімге отырып болған соң, «Омега» ай сайын қоқыс шығарғанға кеткен шығынды есептеп, ай сайын тұрғындарымызға жарыққа есеп айырысу мақсатында келетін түбіртекте қоқыс шығару ақысын қоса жазып жіберетін болады. Әр үй тұрғының басына 105 теңгеден келеді. Мысалға, бір

үйде 5 адам болса, бір айға 525 теңге төлейді қоқысын Созақ-Сәулет мекемесі көшеден алып кеткені үшін. Ол үшін әрине, тұрғындар әуелі бізбен екіжақты келісім-шартқа отырулары және үйінен шыққан қоқысты қапқа салып, көшеге шығарып қоюлары қажет. Тағы бір ескерте кететін жәйт, келісім-шартқа отырғаннан соң біздің мекеме барлық көшелер бойынша арнайы кесте түзіп, аптасына бір, айына төрт рет қоқыстарын алып кетіп отырамыз. Жалпы, Шолаққорғанда 3200 үй, 17 мың тұрғын бар. Қазіргі жағдайда бізге қарасты 49 көшеге қарасты 861 үйдің 290-ны екіжақты келісім-шартқа қол қойды дағы қалған 571 әлі келісе қойған жоқ. Дегенмен, әлі де қызметкерлеріміз үй-үйді аралап, түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Келіспеген ағайындардың көбісінің айтатыны: «Неге жергілікті билік тарапынан немесе сіздің мекеме есебінен қоқыс салатын арнайы контейнерлер үлестірмейсіздер» деп жатады. Бірақ, жоғарыда айтқанымдай біздің мекемеге контейнер қоюға арнайы қаржы қаралмаған. Бұрын қойған болсақ, ол уақыттарда қаралған болса керек. Қорыта айтарым, ертең жаңағы екіжақты келісім-шартқа отырған тұрғын үй иелерінің саны 1000 нан асқанда біз тізімді әлгі ТОО Омегаға жібереміз. Сөйтіп, әрбір көшеге арнап тізім жасап, кестемен қоқысын шығарып отыратын боламыз. Ал енді, сіздер айтқандай Шолаққорғанның төрт тарапына арнайы қоқыс тастайтын шағын орынды ауыл әкімдігі ұйымдастырсын, біз де өз кезегімізде шығарып алып кетуге уәде береміз!»

Міне, соныммен ауыл әкімі, Парасат пен «Созақ-Сәулет» мекемесі болып, үшжақты ауызша келісуден соң ауылымыздың маңында тазалықты сақтап қалудың жолдарын ақылдасып, кеңестік. Осы орайда тағы бір ескеретін жәйт, нақ осы тазалықты сақтауда, ауылымызға керік беріп тұрған саябақтар мен скверлерде тәртіпті сақтауда (қойылған орындықтар мен шамдарды қиратпауда) жергілікті полицияның жұмысын жандандыру және жерлестеріміздің де жауаптылығын арттыруымыз қажет деп ойлаймыз. Ол үшін әрине, үгіт-насихат жұмыстарын күшейткен жөн. Мұны да Парасаттықтар ауыл әкімдігі мен жергілікті полиция басшысының басын қосып ақылдассақ па деп отырымыз! Жалпы, болашақта жергілікті өзін-өзі басқару бойынша, қоғамдастықтардың жұмысына жан беру қажет. Сол арқылы ауылдастарымыздың, азаматтық қоғамның белсенділігін, жауапкершілігін арттырсақ, көп мәселе өзімен-өзі шешіле берер еді. Сонда бұқара билікті, билік бұқараны кінәлаудан, кустаналаудан арылар едік!

Данияр БЕК.

Ерлі-зайыпты полицейлер



Қоғамдық тәртіпті, елдің тыныштығын, адамдардың құқықтарын, өмірін, қауіпсіздігін қорғаушы, қадағалаушы орган, бүгінгі бейбіт күннің батырлары құқық қорғау саласының қызметкерлері. Соның ішінде полиция қызметкерлерінің жұмысы, жауапкершілігі, қоғамда үлкен күшке ие. Қиындығы мен қызығы аралас Ішкі істер қызметкерлерінің жұмысының маңыздылығына, жүйелігіне қоғамда әртүрлі баға беріліп, сан алуан пікір де айтылып жатады. Дегенде, бұл салада қызмет атқару үлкен жауапкершілікті талап етумен қатар, қауіптілігін де жоққа шығара алмаймыз. Бүгінгі кейіпкерлеріміз қиындығы мен аса жауапкершілігі мол ішкі істер саласында қызмет етіп жүріп, сенім мен сезімнің арқасында шаңырақ көтеріп, отбасын құрып, елдің, қоғамның тыныштығын, құқығын қорғап жүрген ерлі зайыпты полицейлер, жас отбасы жайында өрбімек. Ағайын туысқа жайлы Алшынбаев Айдар ағамыз бен Нәрікова Рая әпкеміздің алтын асықтай, көздерінің ағы мен қарасындай ұлдары Данияр нағыз азамат болып ер жетті. Жалғыз баламын деп еркелеп, шолжаңдаған жоқ. Атаның парасатты тәрбиесі, мейірімі Даниярдың бойына нағыз ер азаматқа тән қасиеттерді берген. Мектепті жақсы тамамдаған Ыбыраш Данияр Айдарұлы 2015 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясында білім алып, біліммен қатар жанына спортты серік қылып, нағыз патриот, полицей, нақтырақ айтқанда «лейтенант» шенді Құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша диплом алып, елге келіп 2019 жылдан бері, Түркістан облысы полиция департаменті Созақ ауданы полиция бөлімінің «Жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы» қызметін абыроймен атқарып келеді. Жас болса да өте алғыр, жауапкершілігі жоғары полицей ретінде ел ішінде, қоғамда көптеген қылмысты істерге араласып, қылмыстарды ашып, кәсіби шеберлігін танытып жүрген жүректі жігіт деуге болады. Жақсы нақыл сөз бар ғой, «ер азамат мамандық таңдауда және жар таңдауда қателеспейі керек»- деген. Сол айтпақысы Даниярдың көп сәлудың арасынан таңдап алған өмірлік серігі де полицей. Еліктің лағындай көрікті Мадиямар Назым Мұхтарқызы да Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясын үздік бітірген. Назым да лейтенант шенді, «Құқық қорғау қызметі» маманы. Бүгінде Түркістан облысы полиция департаменті Созақ ауданы полиция бөлімінің көші-қон қызметі тобының «Халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімінің» инспекторы болып қызмет атқаруда.

Жарасымды жас жанұя жауапкершілігі мен қиындығы мол қызметті абыроймен атқаруда. Екеуі де аға лейтенант. Өмір баспалдағында бірге көтерілуді, отбасы деген мемлекеттің берік болуы жолымен қатар кәсіби еңбектерінде қол ұстасып қиыны мен қаталдықты, беріктік пен нәзік сезімді құлатпай келе жатқан жас мамандар. Қоғамдық тәртіп пен тыныштықты қадағалаумен қатар, қайырымдылық жасауға да жандары жақын. Темірдей тәртіпті сақтай жүріп, мейірімділіктерін жоғалтпаған жас жанұя, жас полицейлер Данияр мен Назым елге абыройлы қызмет көрсетіп, көптеген алғысқа ие болады деп білеміз. Ерлі-зайыпты полицейлерді және барша ішкі істер қызметкерлерін алдағы келе жатқан кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз! Қызметтеріне жемісті жеңіс, сәттілік тілейміз! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Нұржамал МАЙУСОВА.

Жуырда ардагер ұстаз, ақын, сазгер, драматург Байділдә Айдарбек ағамыздың редакциямызға келген сәтін пайдаланып, қысқаша сұқбат алған едік..

-Байділдә аға, ең алдымен зейнеткерлік демалысқа шығуыңызбен құттықтаймын. Естуімше, зейнет жасына толған күні жұмыстан шығуға өтініш берісіз.

-Рахмет! Байқаймын, сені де менің оқу жылын аяқтамастан не себепті зейнеткерлікке шығып кеткенім ойланғандық секілді. Шынымды айтайын, зейнеткерлік демалысқа шыққан күннен бастап маған осы сұрақ өте көп қойылып жүр. Сондықтан осы сұқбатты пайдаланып, мен де жауабымды айтсам қалай болар екен? Өзің де әңгімені осы сұрақтан бастадың ғой.

- Әрине, көп қойылып жүрген сауал болса, жауап бергеніңіз

жете алмай кеткен қатарластарым қаншама..) Заң бәрімізге бірдей, ортақ. Уақыты жетті ме, жабысып қалмай орнымызды жастарға беріп, өзімізге пайдалы іспен айналысуымыз керек. Қай қызмет иесі болса да, заңнан ауытқымағаны, оның ойсыздығын немесе әлсіздігін емес, керісінше парасаттылығын білдіреді деп ойлаймын.

-Өзіңіз айтып қалдыңыз ғой.. Енді, алда қандай іспен айналыспақ ойыңыз бар?

-Зейнет демалысына шыққан адамға жұмыс та көбейіп кетеді дейді ғой.. Әзірге бір ғана шығармашылық жұмыспен айналысып жатырмын. Шынымды айтсам, кешеге дейін мектепке, оқушыларға кәдімгідей пайдам тиуші еді. Керекті өлең, сценарий тағы басқаларды өзім жазып, уақытымның қалай өткенін білмей қалатынмын. Ал, енді менің апта бойы жазатын өлең, сценарийлерімді оқушылар ғаламтор желісінен бір-ақ сәтте ала салады. Сон-



Байділдә АЙДАРБЕК:

ның негізгі идеясы: «Балаға тәрбие беретін ата-ана. Ата-аналардың діни сауаты жетік болса, ешқандай бала жат діни ағымдарға бармас еді». Бұл пьесамды Шымкент қалалық Дін істері басқармасы аттай қалап алып, сахналануына да тікелей мұрындық болды.

-Бұл ең үлкен жаңалық қой! Жаңа туындының түсуіне зейнеткерлік қойылымының сәтті өтуімен шағын жүректен құттықтаймын! Алдағы кезде үлкен сахналар төрінен тағы да қандай пьесаларыңызды көріп қалуымыз мүмкін?

-Ия, үлкенді-кішілі біраз дүниелер жазылды. Солардың ішінен өз көңілім толатын екі пьесаны атап айта аламын. Біреуі өзімнің 40 жылдық ұстаздық өмірімнен алынған «Ұстаз» атты драма болса, екіншісі мектеп оқушылары өмірінен алынған «Суйцид» атты драмма. Алдағы кезде үлкен сахна төрінен осы екі драммды көріп қалуларыңыз мүмкін.

-Керемет, аға! Зейнеткерлікке

Балалық, жастық шағымды сағынып жүрмін

ЖАСТЫҚ ДӘУРЕН, АЙНАЛМАШЫ САҒЫМҒА

Жастық дәурен, бал-балалық күндерім, Мұншалық тез өтеріңді білмедім. Сезінуші ем мәңгі жас боп қалардай, Ерте ашылып, тез солатын гүл ме едің? Жастық дәурен, оралмайсың сен енді.. Өткен күндер естелік боп көнерді. Қатарым да қайтып жатыр базардан, Мен де бұрдым кейін қарай кемемді. Жастық дәурен, өте шықтың, қайранмын.. Жанды өртеген сағынышқа айналдың. Өткенді еске ал, елжірейтін жүрегі, Көңілшектөу шалға мен де айналдым. Жастық дәурен, аялдашы тоқталмай, Жауа сала, еріп кеткен ақ қардай. Кідірші сәл, ақ жүректі достарға, Қалай кетем, жан сырымды ақтармай. Жастық дәурен, аялдашы шамалы. Айтылар жыр, шырқар әнім бар әлі.. Бір жалт өтіп өтеріңді ойласам, Жаным жылап, жүректен жас тамады. Жастық дәурен, сәл кідірші жаным. Сенімен нұрлы әрбір күнім, таңым да. Жарайды, мен қарттыққа да көнейін, Тек, сен жастық, айналмашы сағымға.

Байділдә АЙДАРБЕК.

дұрыс деп ойлаймын.

-Рахмет! Рас, оқу жылын аяқтамастан зейнет жасына толған күні жұмыстан шығуға өтініш бердім. Әбден ойлана келе, осылай өткенді жөн көрдім. Аллаға шүкір, аман-есен зейнет жасына жеттім. (Бұл күнге

дықтан, сүйретіліп мектепте жүре бергенше, көптен ойымда жүрген шығармашылық жоспарымды жүзеге асыру үшін де зейнеткерлік демалысқа шығуға асықтым. Қысқасы, Алла Тағала өмір берсе, алдағы кезде жазылатын дүниелердің қарамы да аз болмай тұр.

-Аға, ылғи да сізден сұрағым келуші еді. Енді реті келіп тұрған секілді. Ақындық қырыңызбен ертерек танылсаңыз да, бір ғана жыр жинағыңызбен шектелдіңіз. Тіпті, кейінгі кезде өлең-жырды қойып, драматургияға мықтап бет бұрдыңыз. Бірнеше ұжымдық жыр жинаққа кіргеніңіз бар, тағы да бір-екі кітап шығарып, Жазушылар Одағына мүшелікке өтуге әрекет жасап көрмедіңіз бе?

-Бұл да маған жиі қойылатын сұрақтың бірі. Осы жерде саған бір ішкі сырымды айтайын. Осыдан біраз жыл бұрын жергілікті шығармашыл топ өкілдерінің ішінен де кейбір кісілер Республикалық, облыстық, аудандық марапаттарға, стипендияларға ұсынылатын. Кейде сондай таңдау маған да түсіп қалушы еді. Бірақ, мен алдымдағы аға-әпкелерімнен аттап кеткенді жөн көрмедім. Осылайша, «әлі жаспын, аман болсам, олар шыққан биікке мен де шығармын, әлі де, жаза түсуім керек» деп «жазып» жүргенім-

де, зейнеткерлік жасқа қалай жеткенімді де білмей қалыппын. Ал, өзің айтқандай бір-екі кітап шығаруға келсем.. өлең-жырым таусылып қалған ештеңесі жоқ. Әйтсе де, ұзақ ойлана келе, жарты ғасыр ғұмырымды қамтитын «Жүрегім, саған жүгіндім!» атты бір ғана жыр жинағыммен шектелгенді жөн көрдім. Одан гөрі жазған дүниенің психологиялық жағынан адам эмоциясына бірден әсер ететін, көпке тез тарайтын драматургия жаңырына қалам тартқанды дұрыс көрдім. Мақтанғаным емес, бұл салада да жеткен жетістіктерім жоқ емес. Ал, Жазушылар Одағына мүше болуды осы уақытқа дейін ойланым та көрмеппін және бұл алдағы кезде де менің шығармашылық жұмысыма әсер етпейтініне сенімдімін.

-Сіздің көптеген пьесаларыңыздың облыс театрларында сахналанып жүргенінен, 2019 жылы жылы республика бойынша пьесалары ең көп сахналанған драматург атанғаныңыздан да хабарым бар. Дәл қазір қандай пьеса жазып жатырсыз?

-Жоғарыда зейнеткерлік демалысқа шығуға асыққанымды айттым ғой.. Зейнеткерлікке шыққанымның пайдасы, ойға алған жоспарымның бір бөлігі-«Құрық» атты әлеуметтік драммды жазып бітіріп, тұсаукесер қойылымы 21 маусым күні Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық Академиялық қазақ драма театрында сәтті өтті. Қойылымда жастарды алдап-сулап, өзге елге әкетіп, өз мүдделеріне пайдаланып жүрген дін атын жамылған үлкен топтың құрықталуы сөз болады. Қойылым-

шыға сала талай шығармалар жазып үлгерісіз ғой.. Жаңа драммаларыңыздың да үлкен аншлагпен өтуіне тілектеспін!

-Рахмет, айтқаның келсін!

-Енді.. сізге ұнай ма, ұнамай ма, білмеймін, әйтсе де тағы бір сауал, соңғы сауалымды қойсам ба деп отырмын. Драма жанрында өндіре жазып тастағаныңыз анық байқалып отыр ал, поэзия жанрында ше? Жаңадан жазылған өлең-жырларыңыз да бар шығар дегенім ғой.

-Сені жақсы түсіндім. Драматургияға ауысып, өлең-жыр жазуды тіптен тастап кетпедің бе деп отырсың ғой. Жоқ, мен әуел баста өлең дертімен ауырғам. Өз басым поэзияны басқа жанрлардың бәрінен биік қоямын. Сондықтан оны тастап кетуім тіптен мүмкін емес. Анда-санда болса да жазып жүрмін. Жас келген соң ба, кейінгі кезде балалық, жастық шағымды жиі сағынып жүрмін. Өлең-жырларым да көбінесе өткен балалық, жастық шағымға деген сағыныштан туып жатыр.. Қайта, сондай бір-екі өлеңімді өзіңе тастап кетейінші.. Мүмкіндігің болып жатса, газетіңе жарияларсың.. Жер басып жүргенімді, өнердің жаухары саналатын өлеңнен әлі де қол үзбегенімді жұрт білсін.

-Уақыт бөліп, сұқбат бергеніңіз үшін рахмет, аға! Әлгі айтқан өлеңдеріңізді де алдағы уақыттарда газет бетінде жариялайтын боламыз.

Сұқбаттасқан: Мақсат ҚАРФАБАЙ.



АБЫРОЙҒА ТАЛАНТ ПЕН ЖАСТЫҚ СЕРІК...

(Жалғасы. Басы өткен санда).

Деп жүрді бәлем сені ме.
Шын сөзім кетіп заяға,
Ұшырадым өсек кеніне,
Сіздерге менен өтініш.
Салсаңдар құлақ кебіме.
Өкпені қойып ырза бол,
Жіберіп сөзді жөніне.
Айырбас қылма мен кештім.
Белгісіз істің кегіне.
Ойландырды 80 жас,
Жүрсем де сыймай теріме.
Налымап едім не көрсем,
Нәсіп өтсе жаратқан,
Қонармын шәрбат көліне.
Барша қауым бара бер,
Падиша пақыр мейлі бай.
Мейлі төнтөк төліге,
Дүниеде жаман жалғыздық.
Ұйқыдан шошып оянам.
Кірмейді рең өңіме.
Кәрілік келіп қосылды.
Тіріліктің жұмысы.
Кетеме деймін кеміне.
Сөзімді оқып есіткен.
Қол көтеріп қуа қыл,
Пайдалы құран өліге.
Сапасы жоқ саны бар.
Өкінемін несіне.
Өмірдің қалған кеміне.
Дем таусылып күн батса,
Анадан тоғыз болсаңда.
Қосыла кірмес көріңе.
Арманынан кім жеткен.
Бізде барып кірерміз.
Атамыз жатқан жеріне.
Өлімге лаж таба алмай.
Жанға күші сыймаған.
Қалмады әлі шері де.
Мұны жазған Алмахан,
Есіткендер еске алып,
Дуадан жоқта мені де.

Мұны мен жазғаным жоқ еріккенен.
Дүниеге қалдым жан еніп келген.
Әуелі адамзаттан бермен қарай.
Пендесі болды қанша ерік берген.
Өтініш жаздым қағазға қайыр қош деп,
Өмірге ырза болып өтіп келген.

БҰЛ БІР ӨЛЕҢ

Бүгінде дос та дұшпан дұшпанымда,
Көп екен белгісі жоқ сапарымда.
Шаттықтың шарбағында жүргеніміз.
Барлығы жігіттіктің мысқылында.
Қай жерден жолығамын деп жүретін.
Кездесем қарамайды ау құштарым да.
Ой бөлініп ақылым болады ойран.
Бұл неғып кез болмаған күш барында.
Абыройға талант пен жастық серік,
Бұл мысал жүргендерге іс бабында.
Су шықпайтын бір дөңге егін салған,
Біз бір дихан боп тұрмыз ұстарында.
Мехнат етіп пайдасын көре алмадым.
Жел әкеткен сияқты ұшқанында.
Бір кезде алтын едік қолға ұстайтын,
Бүгінде көрініпті мыстарым да.
Ақылым ақылыммен іске аспай жүр.
Піспеген теміріндей ұстаның да.
Фибрат кейінгіге болсыншы деп,
Өлең ғып қара сөзден нұсқадым да.
Санда болып санақтан шығып қаппын,
Өзгермей тұрған менен тұстарыңда.
Бұрынғы істеген іс ойды бөліп,
Қарасам бас көтеріп құр сарында.
Бәрі бекер әншейін жұмыс екен.
Қиям ауыр болған соң күн жарымда.
Ой мен кеуіл қиялға тоқта дедім.
Тұрса да барлық нәрсе бір қолыңда.
Ойланып өткен күнді опық жедім,
Дүниеде тұрмайды екен бір формада.
Қажысаң қабағыңа қарамайды,
Шаршатар ертіп жүріп құр соңына.

БҰЛ БІР ТАРИХ

Дүние қап келеді бір бірден,
Өтерін дүниеден бар ма білген.
Өмірден ара ашбайтындай боламыз.
Қызығып аз өмірге бес күн жүрген.
Дүниеге келген жанның кетуі анық,
Өтіпті бізден бұрын қанша халық.
Екі мың бір мың жасап кеткендер көп,
Көрсетсе нанбаймыз бұны тарих.

Солар өткен дүниеден біз де өтөміз,
Өмірге өлім деген бар ғой салық.
Бәрі қайғы өлімге кездесесің,
Қанша жолдас болады мына жарық.
Өмірден болдыма опа өткендерге,
Адам ғой біз сияқты кеткендер де.
Ауызбен айтып дәріпін жете алмаймыз,
Дүниеге бұл болып шөккендерді.
Бәрі де топырақ болып жатыр мынау,
Үкімін жаңбыр қылып сепкендерде.
Мейлі пақыр мейлі патша,
Дегеніне болды ма жеткендері.
Адамзат барады ақыр нәсіліне.
Ешкімнің көнбейді өлім тәсіліне.
Дүниеге мағфур болып, ойсыз жүріп.
Әзәзілдің түспендер кәсібіне.
Әззіл дұшпаны еді бір Алланың
Дүниеге шайтан ісі қуанбағын.
Алладан қолмен істеп нан жемесең
Келгенің пенделік қып құр алдағың.
Жақсылар ұмытпаңдар өлім барын.
Өлмей жүрген әзәзіл деген ләзім.
Әуелден ақырғанша бізді азғырып.
Азғандар менің деп жүр жолдастарым.
Әзәзіл жолдас қылды нәсіні де,
Адамды аздыратын жас күнінде.
Япырмай, қандай күйге кез боламыз.
Болатын болып жүрміз мас күніге.
Қоғам мүлкін алудан бас тартпаймыз,
Зікір ғып ұстап жүріп тәсіні де.
Елдімізде не барын ойламаймыз.
Еліміздің дейміз де дәстүріде.
Дүние деген бей опа бір күнә жай.
Құдаймын деп жүргендер болды талай.
Тарихтан осыларды көріп тұрып,
Біз несіне боламыз дордай дордай.
Құдайымын деп көп болды жүрген адам.
Тарихта жер боп кетті бәрі тамам.
Жалғыз ақ бақи қалар ойы дана,
Оқысаң нандырады құран кәләм.
Жақсылар ғафл жүріп қамғалмаңдар.
Өз ісіңе өздерің таң болмаңдар.
Әр іске нәсіп залым ұрындырып.
Арамызда болып жүр көп жанжалдар.
Болыпты топырақтан нәсіліміз,
Нанайық көрмесек те әсілі біз.
Есеп тапсаң екі аса дегендей қып.
Деймізде жей береміз несібеміз,
Шікрін көңілің қайғыдан қапаланған.
Абырылғаным есте жоқ ата анадан.
Солар жүрген ізбенен бізде жүрсек.
Тән ажырап қалады шыққан жаннан.
Бейтаныс қараңғы жай барар жерім.
Көз жұмып артта қалса туған елім.
Бірінде бұйырғанның істемедім.
Кез болам қандай күнге жоқ тұр сенім.
Бүгінде ақылым мол, білімім көп,
Онда іске асам ма мұндағы ісім.
Қауіп көп қорқынышты алдымыздан.
Ақылды алдап арбап нәсіп бұзған.
Өз жұмысым өзіме айғақ болып,
Құлатып жібермесе биік құздан.
Еңбексіз мехнатсыз жүре берме,
Жазуға кез болам деп баста сызған.
Ісіңмен талабыңмен жеткізеді.
Бейқам жүрме жетем деп осымызбен.
Адамды қызмет қылсаң береді ақы,
Болады адамдікі мүкі тақы.
Аламның бар егесі бір өзі дүр.
Былай деуге болады кімнің қақы.
Талантты ерге нұр жауар деген мысал,
Бұған дәлел құранның бардүр хаты.
Мехнатсыз рахат таба алмаймыз,
Там басына шығуға керек саты.
Мысалғып білгенімше хатқа жаздым.
Ұстамы жоқ бірімін ақылы аздың.
Өмірі менен нәсіні көрметін боп,
Жұмысын істеп жүрмін мен араздың,
Бес уақыт оқимын намазымды,
Нәсіме деп білдірдім аразымды.
Нахлият сөзі бар тыңдағанға,
Есіткен еске алыңдар қағазымды.
Сауабы бола ма деп нақыл қылдым.
Деп айтар адам болса пақыр мұқылым.
Күнәмді фазылың мен ғафу айла,
Алдымда қорқынышты ақыр күнің.

БІР ӨЛЕҢ

Дүниеге келдім адам нәсілінде,
Атамның етіп жұмыс кәсібінде.
Дәуірде бағытты өмір шаттық құрып.
Шашылған жедім теріп несібемді
Көңілді ой толқытып неше мақам
Дәуірдің бір кездескен ғасырында.
Ақылмен абыройлы болдым дедім.

Дүниенің тапқандай боп тәсілінде
Жыл жылжып күн азайып өмір тозып.
Білмеймін не болғанымды осы күнде.
Бәріне жастық серік болады екен.
Ойға сап салыстырсам әсілінде.
Бір жылды төртке бөлген тақсымындай
Өмір кез боп өтіп тұр әр күнінде.
Ауызбен құс ұстайтын болып жүрек
Жұмсасам түкке аспай жүр білімімде.
Білмеппін болғанымды правалы.
Халқымның көп көп жүрді ұнағаны.
Істі орындап айтқаным болып жүрді.
Түлкіні қумап ұстап қиядағы.
Өмірдің үлесінен олжа алсын деп.
Бізді жан қып жаратқан сынағалы.
Мен жаманмын де жүрген адам бар ма.
Әр адам өз ісінен сыналады.
Санаулы жас сексеннен асқанынша
Қызметті істеп келдім сыбағалы.
Бүгінде іздесемде кездеспей жүр.
Өмірдің осы-ақ болып тиянағы.
Бүгінде дос дегенім дұшпан шықты.
Опасыз екен дүние сынағалы.
Бақсыз білім бақа боп шақырғанда.
Адамның неге жарар құрағаны.
Егесі орнына келтірмесе.
Қай адамның кез болар сұрағаны.
Досыңда дұшпан болып сөзінде тұр.
Бар ма деп бұл сабаздың қымағаны
Дүниенің шырындығы шекер балдай.
Ап қойса зәрден ащы праваны
Айырылса қай бір адам правадан.
Дұшпан түгіл досы да ұнамаған.
Бір ісі қисындаймай қырын кетсе.
Өзі дер кемшілікті сұрап алған.
Басынан ер жігіттің бағы тайса
Жұмысын жан болмайды сынамаған.
Адамға опа қылмас надан жолдас
Аюша достығым деп жүк жамаған.
Мұндай дос бір көлеңке еріп жүрген.
Тусада не пайда бар бір анадан.
Жігіттер маған деменіздер
Тайдырар табаныңды бір зәремен.
Болады ақылың арзан тынға өтпес.
Қосылып жүре алмайсың диуанамен
Бағы жоқ біліміңнен не пайда бар.
Ұстасаң айрыларсың сыбағаңнан
Бағы болса адамның кемдігі жоқ.
Жақсы жұмыс кез болар сұрамаған.
Абыройдың үстінде жүрген кісі
Дүниеде өзі болар тұра қалған.
Бір екі ісі орынға келген кісі.
Таңдап көптен сияқты ұнап алған.
Емі жоқ табылған сөз орын алмас.
Бәлеқор жан боларсың туа қалған.
Бақ қонса білімсізге кім мінейді.
Уақытыңша болады өзі прав адам.
Абырой ақылменен тапсаңдағы
Бақ кетсе болуы оңай пырақ адам.
Жөндеуші барлық жағын егесі бар.
Қолменен келтіре алмас құрап адам.
Сөз тыңдамайтын адам кездесе ері дедім.
Табылмас сынағанмен кемі дедім.
Нахлият еткенге болама деп.
Қиялдан аз насихат теріп едім.
Бақ пен дәулет бір күні кездеседі.
Бұған бағы таймай тұрған кім бар.
Өнері бұл өмірдің өзгеше еді.

МҰҢЛЫҚ ӨЛЕҢ

Мен өлсем кім тұрады белін буып,
Дүниеден кетер болсам көзім жұмып.
Алдағы ақыр күнді ойыма алмай
Дүниені қызық көріп жүрдім қуып.
Ойыма енді түсіп аң таң болдым.
Ағайын аталас жоқ жалғыз туып.
Өз өлімде Алмахан атым болса да.
Біреуі білмей жүруші еді біреу біліп
Бейтаным бірдей боп ем танысқа да.
Тірлікте жүргенде өмір сүріп.
О дариға өлім қауіп ойды бөлді.
Бүркіттей ажал келіп кетсе бүріп.
Өмірім ада болып намаз болса.
Ісіне жиылған жан кетсе күліп.
Хат жазып ағайынға аңлатамын.
Білгеннің білмегенге тұр білдіріп.
Тірлікте қызықты жолдастарым
Мен өлді деп кетпектер кеуіл суып.
Бәрекелді деп кетер көрген кісі.
Сұлтан да қызмет етсе зыр жүгіріп.
Әшеннің де керегі болды міне.
Сөзбенен отыруға думан құрып.
Ұлман менен Алтыным басқарады.

Алмахан ҚАЗЫБАЕВ,
(Жалғасы бар).

